

1. Ауру сүтқоректілерде пневмомикоз сипатында байқалып, өкпеде қанталаулар, майда қабыну ошақтары, көлемдері тары дәнінен орман жаңғағына дейінгі түйіншектер пайда болатын микоздар
  - A) кандидамикоз
  - B) аспергиллез
  - C) актиномикоз
  - D) бластомикоз
  - E) мукомикоз
2. Патологиялық физиология пәніне анықтама
  - A) ағзаның барлық тіршілік функциясының бұзылуы
  - B) барлық тіршілік процессінің тоқтауы
  - C) ағза мен қоршаған орта байланысының бұзылуы
  - D) бұлшық ет, жүйке жүйесі қозуының төмендеуі
  - E) ауру ағзаның тіршілігі туралы ілім
3. Патологиялық материалды тығыздау үшін қолданылады
  - A) желатин, парафин, целлоидин
  - B) балауыз, 10 % формалин, 96<sup>0</sup> спирт
  - C) 10 % формалин, парафин, 96<sup>0</sup> спирт
  - D) целлоидин, 10 % формалин, 96<sup>0</sup> спирт
  - E) балауыз, желатин, 10 % формалин
4. Терінің 2-3 есе қалыңдап, қатпарлануымен, кедір-бұдырлануымен, түктерінің түсіп, сиреуімен, тері бетінің құрғап, қабыршақтануымен, кесіп қарағанда көптеген сарғыш түсті түйірлер көрінетін ауру
  - A) трихофитоз
  - B) саркоптоз
  - C) псориаптоз
  - D) безноитиоз
  - E) гиподерматоз
5. Шошқа тілмесінде терінің зақымдалуы
  - A) гранулемалық
  - B) вакуолдік
  - C) эритемалық
  - D) карбункулездік
  - E) күйдіргілік
6. РР витамині жетіспегенде туындайтын жас шошқалар мен иттердің, тауық пен күрке тауық балапандарының ауруы
  - A) скорбут
  - B) тауық соқыр
  - C) струма
  - D) пеллагра
  - E) мешел

7. Гистохимиялық зерттеу үшін патологиялық материалды бекітетін күрделі ерітінділер
- A) спирт-формалин, 96<sup>0</sup> спирт
  - B) 3 % формалин, 96<sup>0</sup> спирт
  - C) Карнуа сұйықтығы, Буэн сұйықтығы
  - D) 10 % формалин, 70<sup>0</sup> спирт
  - E) 10 % формалин, ацетон
8. Өкпенің ауасыз күйі
- A) домбығу
  - B) эмфизема
  - C) қабыну
  - D) дилатация
  - E) ателектаз
9. Шошқа обасында лимфалық түйіндер 2-3 есе ұлғайған, қара-қызыл түсті, тіліп қарағанда әртүрлі түсті (мәрмәр тасқа ұқсас) болуымен сипатталатын қабыну
- A) гиперплазиялық
  - B) серозды
  - C) геморрагиялық
  - D) фибринді
  - E) ихорозды
10. Ірі бронхылар мен кеңірдекте тіршілік ететін, жіп тәріздес жұмыр құрттар шақыратын күйіс малдарының инвазиялық ауруы
- A) габронематоз
  - B) метастронгилез
  - C) дикроцелиоз
  - D) диктиокаулез
  - E) геманхоз